

Ж.Қ. Идрышева

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Алматы, Қазақстан
idryshevaz@mail.ru

ҚХР мен РФ арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың қалыптасып дамуы

Ресей мен Қытай – жаһандану жағдайында ұқсас мәселелерді шешіп отырған екі ірі держава, стратегиялық серіктестер, сонымен қатар экономикалық өсудің түрлі шектеулері алдында тұрған жақын көрші-мемлекеттер.

Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар 1949 жылдың 2 қазанында орнатылды және Кеңес Одағы ҚХР-ды ресми түрде мойындаған алғашқы мемлекет болды. Қытай мен Кеңес Одағы арасында қабылданған алғашқы құжат – 1949 жылғы КСРО мен ҚХР арасында дипломатиялық қатынастар орнату жөніндегі келісім [1]. Алайда, 60-жылдары Жалаңашкөл оқиғасынан кейін екі ел қарым-қатынасы нашарлап кетті. Тіпті 80-жылдарға дейін ҚХР мен КСРО арасындағы қатынас салқындығын сақтады.

Т.ғ.д., профессор Бобо Ло қытай-кеңес қатынасының мәселелеріне көңіл бөле отырып, ҚХР-дың Ресейге қатысты саясаты Қытай Коммунистік Партиясының (ҚКП) ХХІ съезінен кейін біршама өзгере бастағанына айрықша мән береді. Профессордың айтуынша, екі елдің қайта жақындасуына халықаралық қатынастарда көпполярлы жаңа жүйе орнату идеясы себеп болды [2].

Қытай халықаралық достық байланыстары қоғамы төрағасының орынбастары Ли Чаншуньнің ойынша, 1989-1990 жылдар аралығында кеңес-қытай қарым-қатынасы мемлекетаралық достық қатынас деңгейіне көтерілді [3].

КСРО ыдырағаннан кейін 1991 жылдың желтоқсан айынан бастап Ресей халықаралық сахнада халықаралық құқық бойынша бұрынғы КСРО-ның мәртебесін иемденді. 1991 жылы 27 желтоқсанда Қытай мен Ресей өкілдері Мәскеуде ҚХР мен КСРО арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастары пролонгациясы жөнінде мәлімдей отырып, келіссөздер Хаттамасына қол қояды [4]. Осылайша екі ел арасындағы ынтымақтастықтың дамуының жаңа кезеңі басталды.

Қазіргі таңда Қытай Халық Республикасы - белсенді түрде дамып отырған мемлекет, мықты саяси орталық. 2010 жылы Қытай экономикасы номиналды жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) көлемі бойынша Жапонияны басып озып, екінші орынға және сатып алу қабілеттілігі паритеті (СҚП) бойынша екінші орынға көтерілді [5].

Қытайдың әлемдік шаруашылықтың маңызды бөлінбейтін құрамдас бөлігі болуы Ресейдің қызығушылығын тудырады және Қытай - Ресейдің тек жақын және үлкен көршілерінің бірі ғана емес, сонымен

қатар экономикалық әлеуеті зор аймақтық держава болып табылады. Сондықтан да Ресейдің ҚХР нарығына кең көлемді енуі белгілі бір дәрежеде Ресейдің әлемдік экономикаға интеграциялануының шешуші кезеңі болуы әбден мүмкін.

Қытай да, Ресей де ядролық қаруға ие және Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) тұрақты мүшелері болып табылады. Екі ел — көршілес мемлекеттер, олардың тарихи мақсаты - достық қатынас орнату, бұл тек екі аймақтық держава халқының әл-ауқатын жақсартып қана қоймай, сонымен қатар аймақтың экономикалық дамуына және аймақ тұрақтылығын сақтауға өз септігін тигізеді.

XX ғасырдың соңғы он жылдығында екіжақты қарым-қатынастың үкіметаралық және мемлекетаралық деңгейдегі 400-дей келісім-шарттан тұратын келісімді-құқықтық базасы құрылды [6].

Ұзақ мерзімді және тұрақты екіжақты қатынасты дамыту және татукөршілік пен өзара сенімділік ынтымақтастығына ұмтылу - Ресей мен Қытайдың ортақ мақсаты. 1992 жылдан бастап екі ел бірін-бірі достық қатынастағы мемлекеттер ретінде қарастырса, 1996 жылдан бері серіктестік пен стратегиялық өзара әрекеттестік қатынас құрылды. 2001 жылы Қытай Халық Республикасы мен Ресей Федерациясы «Татукөршілік, достық, ынтымақтастық туралы» келісімге қол қояды [7]. Бұл құжаттың тарихи маңызы зор.

Шығыс Еуропа және Орталық Азия Институтының Директоры, профессор Ли Цзинцзе өткен ғасырдың соңғы он жылдығындағы Қытай-Ресей қарым қатынасының даму үрдісін бес кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезең 1992 жылдан басталды. Ресейдің экономикасы бұл уақытта қиын жағдайда болатын, бірақ идеологияның өзгешелігінен айырылған екі ел қатынасы тез қарқында дамыды. Халықтық өкілдердің бүкілқытайлық жиналысы (ХӨБЖ) мен Ресей парламенті шығыс бөліктегі Қытай-Ресей шекарасы туралы келісімді растады. 1992 жылы наурызда екі ел басшылары сауда-экономикалық қатынастар орнату туралы келісімге қол қояды. Осы кезеңнен бастап екі ел арасында экономикалық және ғылыми-техникалық салада 8 үкіметаралық комиссия жұмыс істеді. Сонымен қатар 30-дан асатын үкіметаралық келісім қабылданды. Бұл Қытай-Ресей қарым-қатынасының ары қарай дамуына айрықша ықпалын тигізеді.

Екінші кезең ҚХР төрағасы Цзянь Цземиньнің 1994 жылы қыркүйекте Ресейге жасаған сапарынан бастау алады. Бұл кезеңде Қытай-Ресей қарым-қатынасы әлдеқайда дамыған жағдайда болды: біріншіден, екі ел басшылары жиі кездесіп тұрды және батыстағы шекара мәселесі туралы келісті; екіншіден, Қытай мен Ресей арасындағы сауда айналымы 1993 ж. рекордтық санға жетті. Ал келесі жылы XXI ғасырға бағытталған тату-көршілік пен достық серіктестік аясындағы ынтымақтастықтың дамуына бағытталған Декларацияға қол қойылады. Екінші кезеңде, жалпы алғанда, ҚХР мен РФ арасындағы территориялық

мәселенің 99% шешілген еді. Енді екі ел өзара ынтымақтастықты дамып, тереңдей түсуіне жол ашатын жаңа формалар мен бағыттарды қарастыра бастады [6].

Үшінші кезең 1995 жылы басталды. Сол жылдың мамыр айында ҚХР төрағасы Цзянь Цземинь Ресейде өткен жеңіс күнінің 50 жылдық мейрамына қатысқан болатын. Ал маусым айында ресми сапармен Мәскеуге Қытай премьер-министрі Ли Пэн келеді. Бұл сапарлар екі ел арасындағы серіктестіктің дамуына үлкен ықпал етті. Ресей жағы өзінің «бір Қытай» деген ұстанымын растады, сонымен қатар, шығыс жақтағы шекараны қатаң сақтау керектігін мәлімдеді. Ал Пекин болса, Шешенстан мәселесі - ол Ресейдің ішкі мәселесі екенін, сонымен қатар АҚШ-тың қарсылығына қарамастан, Ресейдің Азия-Тынық мұхиты экономикалық қауымдастығына (АТЭК) кіруін қолдады. Екі жақ та сауда, Амур арқылы көпір құру туралы және тағы басқа мәселелер бойынша пікірлермен алмасты. Жалпы алғанда, бұл кезеңде саясат, экономика, әскери ынтымақтастық саласында екі ел қарым-қатынасы тез қарқынмен дамып, жаңа тұрақты деңгейге өткен болатын.

Төртінші кезең 1996 жылдың сәуір айында Ресей Федерациясының сол кездегі Президенті Борис Ельциннің ҚХР-ға сапарымен сипатталады. Бес елдің басшылары (ҚХР, Ресей, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан) шекараға жақын аймақтардағы өзара әскери сенімділік туралы келісімге қол қойды. Екі жақ та Қытай - Ресей сауда айналымын ХХІ соңында 20 млрд. долларға жеткізу жөнінде шешім қабылдады және де энергетика саласындағы ынтымақтастықты күшейтуді қарастырды.

Бесінші кезең 1997 жылдың сәуірінде басталды. Ол кезде ҚХР төрағасы Цзянь Цземиньнің Ресейге кезекті ресми сапары болған еді. Екі ел үкіметі ХХІ ғ. бағытталған теңдік пен өзара сенімділікке негізделген стратегиялық қарым-қатынасты дамытуға бағытталған Декларацияны жариялады. 1997 жылдан бастап Қытай мен Ресей басшылары мен премьер-министрлері жыл сайын кездесу өткізіп тұру жөнінде шешім қабылдады. Сол жылы Қытай мен Ресей жаңа халықаралық тәртіп пен көпполюстік әлемді орнату туралы Декларацияға қол қойды және бұл Декларацияда бейбіт, тұрақты, әділ жаңа халықаралық тәртіп орнату керектігін баса айтып, бір державаның әлемдік үстемдігіне қарсы екендіктерін жариялады [6].

2001 жылдың 16 шілдесінде Қытай мен Ресей «Тату көршілік, достық және ынтымақтастық жөніндегі» Келісімге қол қойды. Бұл ХХІ ғасырдағы қытай-ресей қарым-қатынасының дамуын анықтайтын бағдарламалық құжат болып табылады. Келісімде екі ел халқының бейбіт идеологиясы бекітілген: «біз - мәңгілік достармыз, ешқашан жау болмаймыз» [7]. Келісімде сауда-экономикалық, энергетикалық, әскери-техникалық, көлік және басқа да салаларда ынтымақтастықты дамыту қарастырылған. Тараптар осы келісім негізінде бір-біріне ядролық қару қолданбауға және стратегиялық ядролық

ракеталар бағыттамауға келісті. Құжат қытай-ресей қарым-қатынасының болашақта тұрақты дамуының іргетасын қалады.

Екі мемлекет 2005 жылы «XXI ғасырдағы халықаралық тәртіп» туралы Бірлескен Декларацияға қол қойды [8]. Бұл Қытай мен Ресейдің стратегиялық ынтымақтастықтары жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.

Сонымен, Қытай-Ресей қарым-қатынасы бірнеше кезеңнен өтті: «Өзара достастық», «Серіктестіктің конструктивті қарым-қатынасы», «Стратегиялық қарым-қатынас» және осы сатылардың негізінде екі мемлекет ынтымақтастығы одан әрі нығайып, ҚХР мен РФ-ның өзара серіктестік салалары мен бағыттары кеңейе түсті.

Солтүстік-Шығыс Азияда (США) Қытай Ресейдің ең үлкен сауда серіктесі болып саналады. Қазіргі таңда ол Ресейдің екінші үлкен сауда серіктесі, ал Ресей - Қытайдың төртінші ірі сауда серіктесі. Қытай мен Ресейдің экономикаларын дамыту саясатының арқасында екі елдің экономикалық ынтымақтастығы жаңа кезеңге өтті.

ҚХР мен РФ БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің (ҚК) тұрақты мүшелері болып табылады және де қазіргі таңда екі мемлекет әлемдік сахнада маңызды рөл атқаруда. Халықаралық мәселелерде Қытай мен Ресей көптеген ортақ көзқарастар мен мүдделерге ие және бұл антигегемонизм мен диктатқа қарсы маңызды күш болып табылады.

Ресей Қытайдың қысқа және ұзақ мерзімді перспективаға негізделген сыртқы саяси стратегиясында маңызды рөлді иеленеді. ҚХР үшін Ресей - посткеңестік кеңістіктегі энергетикалық ресурстардың негізгі қайнар көзі, сонымен қатар болашақтағы демографиялық және экономикалық экспансиясының нысаны. Қытай өзінің сыртқы саясатындағы ресейлік бағыт арқылы келесідей мақсаттарға қол жеткізуді көздейді:

- «Шығыс Сібір – Тынық мұхиты» (ШСТМ) мұнай құбыры құрылысын толығымен аяқтау;
- РФ территориясы арқылы Жапон теңізіне шығатын жол жасау, өзіне тиімді талаптар негізінде шекара саудасын жылдам қарқынмен дамыту;
- Қытай саудасының кеңеюіне жол ашу және Ресей нарығына толығымен ену;
- Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы (ШЫҰ) өз рөлін нығайту және Орталық Азиядағы (ОА) Ресейдің қатысуын бәсеңдету;
- Ресейлік факторды Америка Құрама Штаттарымен (АҚШ) қарым-қатынасында қолдану.

Ал Ресей ҚХР-мен ынтымақтастығында:

- Қиыр Шығыс пен Сібірге қытайлық инвестицияны молынан тарту;
- Энергетикалық және құбырларға қатысты бірлескен жобалар үшін кепілдеме алу;

- Қытайды қару-жарақ экспортының негізгі нарығы ретінде сақтау;
- ШЫҰ-да ҚХР рөлін күшетпеуді және Пекинді АҚШ-қа қарсы күш ретінде қолдануды көздейді [9].

Ресей мен Қытайдың қарым-қатынасының стратегиялық серіктестігі дамудың жоғарғы серпінімен, мықты құқықтық базасымен және екіжақты әрекеттестіктің тұрақты құрылымымен, сонымен қатар бүкіл деңгейдегі белсенді байланыстарымен сипатталады. Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың барлық саласында үкіметаралық, ведомствоаралық келісімдер бар. 1996 жылы құрылған Шанхай бестігі мен бұрынғы кеңес-қытай шекарасы ауданындағы екіжақты қарулы күштерді қысқарту жөніндегі Мәскеу келісімі сәтті түрде жүзеге асуда [3]. ҚХР мен Ресейдің көптеген маңызды халықаралық мәселелер бойынша ұстанымдары сәйкес немесе жақын келеді (Ирак және Корей мәселесі). Осы негізде екі ел арасындағы сыртқы саясатта тығыз өзара әрекеттестік сақталынады. Сыртқы істер Министрлігінің (СІМ) белсенді байланыстарынан басқа СІМ деңгейіндегі вице-министрлер мен департаменттер аясында консультациялар жүргізілінеді.

Ху Цзиньтао ҚХР төрағасы болып сайланғаннан кейін бірінші болып ресми сапарын Ресейден бастады. Бұл қадам көшбасшының мемлекеттің сыртқы саясатында қытай-ресей қарым-қатынасына айрықша назар аударатындығын көрсетеді. 2003 жылы РФ-да ресми сапармен болған ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао нақты түрде былай деген еді: «Қытай - Ресей қарым-қатынасы Қытайдың сыртқы саясатында маңызды орын алады. Жаңа шақырылған басшы ұжымы екі ел арасындағы татукөршілік, достық және ынтымақтастық қатынастарын нығайтуға, сонымен қатар ҚХР мен РФ арасындағы достық, ынтымақтастық туралы келісімді жүзеге асыруға және саясатта, экономика, ғылым мен техника, халықаралық қатынастарды ынталандыруға бар күшін салады».

Ху Цзиньтао қытай-ресей қарым-қатынасының дамуының төрт негізгі бағыттарын атап өтті:

- саясат саласында өзара сенімнің тереңдей түсуін қамтамасыз ету;
- өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту, осы бағытта табысқа жету;
- достық қатынастарды кеңейту және дәстүрлі достықты тереңдету;
- бейбіт жолмен дамуды ынталандыру [10];

В.В.Путин 2000 жылы билік басына келгеннен бастап, қытай-ресей қарым-қатынасының маңыздылығы жөнінде «Қытай, шынымен де-ақ, біздің стратегиялық серіктесіміз және Ресейдің шығыс көршілерінің қарым-қатынасында басты орын алады», - деп атап өткен болатын [11].

Қытай мен Ресейдің қарым-қатынасының дамуы екі ел

халықтарының түбегейлі мүдделеріне сай келетіндігін айта кеткен жөн, сонымен қатар бұл қатынастар ұзақ мерзімді және стратегиялық сипатта, яғни ол екі ел басшыларының ауысу-ауыспауына байланысты емес. ҚХР мен РФ-ның 2002 жылғы 2 желтоқсандағы ортақ декларациясында былай делінген: «Қытай мен Ресей мемлекеттерінің басшылары халықаралық қатынастар жағдайында, екі ел арасындағы өзгерістерге қарамастан, олар келісімде анықталған принциптер мен бағыттарды жүзеге асыратындығын, мемлекеттер арасындағы стратегиялық серіктестікке жаңа мазмұн бере отырып, тереңдете түсетіндігін айтты» [12]. ҚХР мен РФ басшылары қытай-ресей қарым-қатынастарының дамуының жаңа мүмкіндіктерін кеңейтуге және тереңдетуге ортақ күш салуда.

2002 жылы В.В.Путин ҚХР мен РФ қатынастарының стратегиялық өзара әрекеттестігі мен серіктестігінің 3 негізгі тірегін айтты, олар: саяси байланыс; сауда-экономикалық ынтымақтастық; халықаралық қатынастардағы өзара әрекеттестік [11].

2003 жылы ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао былай деген еді: «Екіжақты қатынасқа стратегиялық жоғарлықпен, болашаққа басымдылық бағытымен қарау және де жоғарғы деңгейдегі басшылардың кездесу механизмін нығайту қажет, сонымен қатар өзара орныққан саяси сенімді жоғалтпай, ары қарай қолдау керек». Бұл Қытай мен Ресей қарым-қатынастарының сәтті түрде дамуының маңызды кепілі болып табылады.

2000-2008 жж. ортақ сеніммен табысқа негізделген Қытай-Ресей стратегиялық өзара әрекеттестік пен серіктестік қатынастарын тереңдету келесідей сипатта көрініс тапты:

Біріншіден, саяси деңгейде. Осы жылдар аралығында Владимир Путин мен Ху Цзиньтао бірнеше рет кездеседі. 2006 жылы екі мемлекет басшылары әртүрлі мүмкіндіктерді пайдаланып, төрт және екіжақты кездесулер өткізді. Қытай мен Ресей арасындағы жоғарғы деңгейдегі кездесулер саны бойынша басқа мемлекеттермен салыстырғанда бірінші орынға шықты.

Екіншіден, ҚХР мен РФ арасындағы татукөршілік, достық, ынтымақтастық келісімі - екіжақты қатынастың үздіксіз дамуын қамтамасыз ететін маңызды саяси және заңды құжат. Бұл Қытай мен Ресейдің арасындағы маңызды келісім болып табылады. Аталмыш құжатқа екі ел басшыларының қол қоюы Қытай мен Ресей қарым-қатынастарының стратегиялық өзара әрекеттестігі мен серіктестігіне жаңа мазмұн берді. 2004 жылы ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао сол кездегі Ресей Федерациясының Президенті В.Путинмен кездесуі барысында қытай-ресей арасындағы татукөршілік, достық пен ынтымақтастық туралы келісімнің «дәуірлік маңыздылығы бар екендігін атап өтті» [13]. 2004 жылы екі ел басшылары келісімді жүзеге асырудың негізгі шарттарын бекітті. Бұл құжат екі ел қатынастары серіктестігінің дамуының орта мерзімді бағдарламасы болып табылады, яғни құжат болашақтағы Қытай мен

Ресейдің әртүлі саладағы ынтымақтастығының негізгі бағыттарын анықтады.

Үшіншіден, экономикалық ынтымақтастық көршілес жатқан екі ірі мемлекет қарым-қатынастарының дамуының маңызды материалды негізі болып табылады. Екі ел басшыларының тұрақты түрде қолдауының арқасында экономикалық саладағы ынтымақтастық бара-бара кеңеюде, мысалы, 2004 жылы ҚХР мен РФ арасындағы сауда айналым 21,23 млрд. АҚШ долларын құраса, 2005 жылы бұл көрсеткіш 29,1 млрд. АҚШ долларына жетті. Ал 2006 жылы екі ел сауда айналымы 33 млрд. АҚШ долларын бағындырды [14].

Төртіншіден, екі елдің қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы. 2005 жылы ақпан айында стратегиялық қауіпсіздіктің үкіметаралық механизм мәселесі ресми түрде талқылануға шықты, ал қазан айында Пекин мен Мәскеуде аталмыш мәселеге қатысты консультация жүргізілінді. Мемлекеттік қауіпсіздік мәселесін талқылау механизмінің пайда болуынан қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың жаңа бір қадамға орныққанын көруге болады. 2005 жылы ҚХР мен РФ арасындағы «Бейбіт миссия - 2005» қарулы күштер оқу-жаттығулары әскери ынтымақтастық саласындағы маңызды өткел болды.

ШЫҰ Қытай-Ресей аймақтық ынтымақтастығының үлгілі көрінісі болып табылады. 2001 жылы Қытай мен Ресей және де ОА-дағы 4 мемлекет ШЫҰ құрады. Бұл екі мемлекеттің аймақтық интеграцияны дамытудағы қадамдарының жемісті жетістігі болды.

Бесіншіден, Қытай мен Ресей әлемдегі бейбітшілдік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде үлкен күш салды. 2003 жылы 27 мамырда ҚХР мен РФ-ның Біріккен декларациясында екі елдің халықаралық және аймақтық істерде кең ортақ мүдделерге ие екендігін, сонымен қатар халықаралық қатынастардың маңызды факторлары ретінде өзара әрекеттестік және серіктестік қатынастары болашақтағы әлемдік саясатта, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде принципалды маңызды рөл атқаратындығын атап өткен жөн. 2005 жылы 1 тамызда ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао мен сол кездеі РФ Президенті Владимир Путин Мәскеуде ХХІ ғасырға бағытталған ҚХР мен РФ-ның әлемдік тәртіп туралы Бірлескен декларациясына қол қояды [8]. Бұл - 1997 жылы жаңа әлемдік тәртіп және көпполярлы әлемді құру жөніндегі бірлескен декларациясынан кейінгі бағдарламалық, яғни екі ел басшыларының болашақта жаңа әлемдік тәртіпті талқылауына арнайы құрылған құжат. Қытай-ресей қарым-қатынастарының үздіксіз дамуы екі елдің стратегиялық мүдделері мен олардың өзара әрекеттестігіне байланысты.

ҚХР мен РФ көшбасшыларының ортақ бастамаларының арқасында 2006 жылы Қытайдағы Ресей жылын және 2007 жылы Ресейдегі Қытай жылын өткізу туралы шешім қабылданды. Ұлттық жылдарды өткізудің нәтижесінде Ресейдің сол кездегі басшысы В.В.Путин мен ҚХР төрағасы

Ху Цзиньтао 4 рет кездесті, ал бұл екіжақтық саяси сенімнің артуына өз үлесін қосты [15]. Ресейдің Қытайдағы жылын өткізу барысында экономикалық салада көптеген кездесулер ұйымдастырылып, нәтижесінде қытай-ресей сауда-экономикалық қарым-қатынасы қарқынды дамыды. Екі ел арасындағы сауда айналымы 30 млрд. АҚШ долларына жетті. ҚХР Ресей жылын пайдалана отырып, екіжақтық сауда құрылымын жақсартуға бағытталған әдістерді тапты:

- энергетика және басқа да ресурстар саласында ынтымақтастықты тереңдету;
- Ресейден Қытайға машина-техникалық және электрондық өнімдер экспортын арттыру;
- екіжақты сауда көлемін кеңейту;
- жеңіл өнеркәсіп саласындағы серіктестікті нығайту.

Қытай мен Ресейдің ұлттық жылдарды өткізудің маңызды мақсаттарының бірі сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастыққа тірек көрсету болды. Екі ел де өзара қарым-қатынастарының басымды саласына айналған инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға бар күштерін салуда. 2006 жылы ҚХР мен РФ үкіметтері арасындағы капитал салымдарын қорғау және қолдау туралы келісіміне қол қойылуы Қытай мен Ресейдің компаниялары және кәсіпорындарының белсенді ынтымақтасуына жаңа серпіліс берді [16]. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға, сонымен қатар қытай-ресей инвестициялық форумдар механизмін, екі жақты инвестициялардың сапасын жақсартуға ыңғайлы жағдайлар жасалуда. ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао Қытай екіжақты қатынастың жан-жақты дамуы үшін Ресеймен бүкіл салада ынтымақтастық жүргізуге дайын екендігін айтып өтті [17].

РФ экс-президенті В.Путин Қытайдағы Ресей жылы барысындағы қытай-ресей экономикалық форуміндегі сөзінде екіжақты сауданың мәселелерін шешу мәселесі қытай-ресей сауда-экономикалық ынтымақтастықтың басты міндеттері екенін айтты [11]. 2006 жылдың 26 наурызында ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао Ресейге ресми сапарында Ресейдің премьер-министрі В.Путинмен бірлескен декларацияға қол қойды. Бұл декларацияда сауда-экономикалық ынтымақтастық деңгейі мен сапасын көтеруде бірлескен және мақсатты бағыттарды жалғастыру қажеттілігі айтылды [17].

2007 жылы ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао Ресейге ресми сапарында қытай-ресей қарым-қатынасының дамуының бірнеше бағыттарын дамытуға күш салуға дайындығын басып айтты:

- саяси өзара сенімді тереңдету;
- екіжақтық тиімді экономикалық, энергетикалық бағыттардағы қатынастарды нығайту;
- екі ел арасындағы ұлттық жылдарды пайдалана отырып, мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды нығайту;

- Қытай мен Ресей арасындағы стратегиялық өзара әрекеттестікті халықаралық және аймақтық мәселелерде белсендіре түсу [18];

Соңғы жылдарда қабылданған және қарастырылған бірлескен қытай-ресей құжаттары, соның ішінде «Тату көршілік, достық, ынтымақтастық» келісімі, осы келісімді жүзеге асыру жоспары (2005-2008), ХХІ ғасырдағы РФ мен ҚХР халықаралық тәртіп туралы бірлескен декларациясы, Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасының ресей-қытай серіктестік және стратегиялық өзара әрекеттестік қатынасын жан-жақты тереңдету жөніндегі бірлескен мәлімдеме Ресей Федерациясының сыртқы саясатында Ресейді ұлы евразиялық держава ретінде өзінің геосаяси орнын, ұлттық мүдделерін нақты көрсете ала отырғаны анық болып отыр.

РФ Президенті Д.Медведев 2010 жылдың 28 қыркүйек айында ҚХР-ға сапары барысында екі елдің стратегиялық серіктестер бола отырып, қазіргі таңда қарым-қатынастары жоғарғы деңгейде дамып жатқандығын баса айтты [19].

Кездесу барысында РФ басшысы Дмитрий Медведев және ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрестегі ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік жөніндегі меморандумға қол қойды [20]. Сонымен қатар Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасының ресей-қытай серіктестік және стратегиялық өзара әрекеттестік қатынасын жан-жақты тереңдету жөніндегі бірлескен мәлімдеме, 2009 жылғы 21 сәуірдегі РФ Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасындағы мұнай саласындағы ынтымақтастық жөніндегі меморандумға және 2009 жылғы 24 маусымдағы көмір саласындағы ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік жөніндегі меморандумға өзгертулер енгізу жөніндегі Келісім, РФ энергетика министрлігі мен ҚХР-дың даму және реформалар бойынша мемлекеттік комитеті арасында қабылданған энергетикалық тиімділік және энергияның жаңа қайнар көздерін қолдану саласындағы ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік меморандумы, РФ энергетика министрлігі мен Қытай Мемлекеттік энергетикалық басқармасы арасындағы қабылданған электр желісі шаруашылығын дамыту саласындағы ынтымақтастық жөніндегі және көмір саласындағы ынтымақтастық бойынша жол картасы жөніндегі өзара түсіністік меморандумы, РФ «Росатом» Мемлекеттік атом энергиясы бойынша корпорациясы мен Қытай мемлекеттік ядро өнеркәсібі корпорациясы арасында атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану саласында стратегиялық өзара әрекеттестік туралы келісім, «Сковородино-Мохэ» мұнай құбыры арқылы мұнайды тасымалдауды жүзеге асыру негізіндегі ынтымақтастық жөніндегі басты келісім, «Атомстройэкспорт» ЗАО мен Цзянсус ядролық энергетикалық корпорациясы, Қытай ядро-энергетикалық компаниясы және Қытай ядро энергетикасы өнеркәсібі корпорациясы арасындағы Тяньвань атом электр станциясының үшінші және төртінші блоктарын салудың техникалық жобасы жөніндегі келісім, «Ресейден

Қытайға табиғи газды тасымалдаудың кеңейтілген негізгі талаптары», «Сковородино-Дацин» мұнай құбырын толтыру мақсатында мұнайды тасымалдау жөніндегі келісім секілді құжаттар қабылданды.

Жоғарыда аталған құжаттар ҚХР мен РФ арасындағы қарым-қатынастың жетістіктері мен екі елдің стратегиялық серіктестігінің көрінісі болып табылады. Жалпы екі мемлекет те бір-бірімен өзара ынтымақтастықты дамытуға мүдделі. Қытайдың Ресеймен қарым-қатынасын жақсартуына бірнеше себебі бар:

- Ресейдің энергетикалық табиғи ресурстары;
- Ресейдің жоғарғы технологиялары.

Сонымен қатар ҚХР-дың Ресеймен аймақтық тұрақсыздықпен, этникалық сепаратизммен, терроризммен күресудегі ұстанымдары ортақ. Екі ел арасындағы көптеген жақындасу факторлары (энергетикалық, саяси, экономикалық) олардың арасындағы қатынастың даму мүмкіндіктерін ұлғайтады. Бұл фактіні екі мемлекеттің ынтымақтастықтың ортақ құндылықтарына емес, ортақ мүдделеріне сүйенуімен түсіндіруге болады.

Жоғарыда айтылған мәселені қорытындылай келе, Қытай Халық Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы жалпы дипломатиялық қарым-қатынас жылдан жылға жаңа серпіліске ие болып, нығая түскенін атап өту керек. Екі елдің көршілес жатқан мемлекеттер болуы, ортақ шекара мен ортақ мүдде Қытай мен Ресейдің барлық саладағы серіктестігінің, әсіресе, ҚХР да, Ресей де дамытуға мүдделі болып отырған энергетикалық саладағы ынтымақтастықты жандандыру мен нығайтуға ықпалын тигізіп қана қоймай, сонымен қатар екі ел экономикасы мен халқының әл-ауқатын жақсартуға жол ашады.

1. Соглашение об установлении дипломатических отношений между СССР и КНР 1949 года, www.chineseembassy.org

2. Бобо Ло. Хрупкое равновесие российско-китайских отношений // <http://www.ifri.org>.

3. Ли Чаншунь. Россия и Китай на рубеже веков. Шицзи чжицзяо дэ элшсы юй чжунго. / Из-т: Сычуань жэньминь чубаньшэ. 1999.

4. Протокол о пролонгации дипотношений между КНР и СССР <http://russian.cctv.com/20091015/103650.shtml>

5. Сапанов С.Ж. Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатындағы мұнай факторы // А., Қазақ Университеті. 2008.

6. М.Т.Лаумулин, К.Л.Сыроежкин. «Внешняя политика КНР на современном этапе: реалии и амбиции» // Материалы международной конференции «Центральная Азия — Китай: состояние и перспективы сотрудничества». - Алматы, —2008 г.)

7. Договор о добрососедстве, дружбе и сотрудничестве между РФ и КНР // <http://www.ifri.org>.

8. Совместная Декларация Российской Федерации и Китайской Народной Республики о международном порядке в XXI веке // http://lawrussia.ru/texts/legal_109/doc109a777x941.htm

9. China Energy Data, Statistics and Analysis – Oil, Gas, Electricity, Coal. The US Department of Energy statistics, Energy Information Administration. <http://www.eia.doe.gov/cabs/China/Full.html>
10. ҚХР төрағасыны Ху Цзиньтаоның Ресейдің Қытайдағы жылына байланысты берген сұхбаты//<http://www.easternpromise.ru/china.php7doc>.
11. РФ президенті Путиннің 2006 жылғы форумдағы сөйлеген сөзі// <http://www.kremlin.ru/interdocs/2005>
12. Лю Цинцай, О китайско-российских отношениях, обращенных в XXI век// Проблемы Дальнего Востока, 1999, №1, С. 22-23.
13. Лцзянин С.Г. «Актуальные проблемы Центральной Азии и Китая: история и современность».- М. - стр.359
14. Нурша А. Российско-китайские отношения: современное состояние и перспективы // Казахстан в глобальных процессах, 2008. -№4
15. Хаолин У. «Российско-китайские отношения: история, современность, перспективы», М., 1995.
16. Капитал салымдарын қорғау және қолдау туралы келісімі // http://asiapacific.narod.ru/countries/china/rf_knr_partner.htm
17. Дышин А. В., Перспективы развития экономики Китая и российско-китайские внешнеэкономические связи//Китай и Россия : история взаимоотношений, политика, экономика, М., 2006.
18. Гончаров С.Н., Виноградов А.О. К вопросу об эволюции внешнеполитической концепции КНР //Проблемы Дальнего Востока. -1988. -№4. -С.26-38
19. Визит Д.Медведева в КНР <http://russian.china.org.cn/exclusive/txt/201009/10/content20907162.htm>
20. Меморандум о взаимопонимании в борьбе терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом между РФ и КНР о взаимодействии в области мирного использования атомной энергии // <http://www.newsru.com>